

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
БУРАБАЙ АУДАНЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
20 12 ж. " 4 " сәуір
№ 181-1902-24-001
Алғашқы тіркелген күні 1999ж 04.01



Ақмола облысы әкімдігінің
2012 жылғы «24» ақпан.
№ А-2/79 қаулысымен
БЕКІТІЛДІ

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
БУРАБАЙ АУДАНЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
20 12 ж. " 4 " сәуір
990840001358
(Бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
Алғашқы тіркелген күні 1999ж 04.08



**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ЖҰЛДЫЗ»
САНАТОРЛЫҚ ТИПТЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ОРТА
МЕКТЕП ИНТЕРНАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанада құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

1.2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

1.3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметтің актілеріне, басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, және осы Жарғының негізінде жүргізеді.

1.4. Мемлекеттік мекемені Құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі- Құрылтайшы).

1.5. Мемлекеттік мекеменің сонымен қатар, оған қатысты коммуналдық мемлекеттік меншік құқығы субъектісі қызметін жүзеге асырушы органы «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі – Мемлекеттік басқару органы).

1.6. Мемлекеттік мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде: Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Областная средняя школа-интернат санаторного типа «Жұлдыз» управления образования Ақмолинской области.

1.7. Мемлекеттік мекеменің заңды мекен-жайы: 021714, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Зеленый Бор селосы.

2. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік тіркелу сәтінен бастап құрылып заңды тұлға құқығына ие болады.

2.2. Мемлекеттік мекемеде өзіндік балансы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде есепшоттары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасының суреті бар мөрі, бланктері және мемлекеттік тілде мемлекеттік мекеменің атауы болады.

2.3. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құруға құқығы жоқ, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның ұйымдастырушысы (қатысушысы) бола алмайды.

2.4. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттері бойынша өкіміндегі бар қаражатпен жауап береді. Егер мемлекеттік мекеменің қаражаты жетпеген жағдайда, оның міндеттемелері бойынша жауапкершілікті құрылтайшы атқарады.

2.5. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігінің аумақтық-қазыналық бөлімдерінде міндетті түрде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

3.1. Мемлекеттік мекеменің қызметтік міндеттері мен мақсаттары балалар мен жасөспірімдердің локальдік туберкулезінің дамуын ескертуге, туберкулездің жұқпалы ошағынан ауру жұқтырған және оларды толықклиникалық сауығуына бағытталған, емдеу – сауықтыру шараларын өткізуді және тұратын жерлермен қамтамасыз етіп білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін орта білім беру жүйесінің ұйымы.

3.2. Мемлекеттік мекеменің негізгі мақсаттары:

1) білім беру бағдарламаларын оқушылардың меңгеруі үшін жағдай жасау;
2) оқушылардың білім алуын, іскерлік пен дағдыларын қалыптастыруды тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес дәрежеде қамтамасыз ету;

3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы ақыл парасатын байыту;

4) азаматтық пен патриоттықа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез – келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

5) оқушылардың республиканың қоғамдық – саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау; республикадағы қазақ халқы мен басқа да халықтардың тарихын, әдет – ғұрып және салт – дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік және шетел тілдерін меңгеру;

7) жаңа оқыту технологияларды, білім беру қызметін ұйымдастырып ақпараттандыру, халықаралық әлемдік қарым – қатынас жүйесіне шығу;

8) емдеу-сауықтыру көмегін кешенді көрсету, салауатты өмір салтын жасау үшін берік негіз құру.

3.3. Мемлекеттік мекеменің қызметі демократияның және гуманизмнің, қол жетімді, жалпы адамдық құндылықтарының басымдылығы, жеке тұлғаның даму еркіндігі мен білім беру зиялылығы ұстанымында іс- әрекет жасайды.

Мемлекеттік мекемеге жарғыда (ережеде) бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

4. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІ БАСҚАРУ

4.1. Құрылтайшы Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жарлығын бекітіп оған түзетулер мен толықтыруларды енгізеді;
- 3) мемлекеттік мекемені қайта құрумен жою туралы шешімді қабылдайды;
- 4) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жеке жоспарын бекітеді;
- 5) мемлекеттік мекеме мүлігінің сақталуын бақылауды іске асырады;
- 6) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының өкілетті мерзімін, қалыптастыру тәртібін, құрылымын және шешімдерді қабылдау тәртібін айқындайды;
- 7) мемлекеттік мекеме директорының жауапкершілігін, міндетін, құқығын, өзінің міндет атқаратын орнын босату негізін айқындайды;
- 8) мемлекеттік мекеменің шекті штатының құрамына және құрылымына келісім береді;
- 9) мемлекеттік мекеме директорының ұсынысы бойынша орынбасарларын тағайындауға және жұмыс орнын босатуға келісім береді;
- 10) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 11) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;
- 12) мемлекеттік мекемеге филиалдар мен өкілдіктер құруға келісім береді;
- 13) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және жоюды жүзеге асырады;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген басқа да функцияларды іске асырады.

4.2. Мемлекеттік мекемемен құрылтайшы арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4.3. Мемлекеттік мекеменің директорын тағайындалуын мен жұмыстан босатылуын құрылтайшы іске асырылады.

4.4. Мемлекеттік мекеменің директоры мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басқарады, құрылтайшыға міндетті түрде бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген мақсаттарды орындауға дербес жауапкершілікті атқарады.

4.5. Мемлекеттік мекеме директоры жеке принциптармен Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарлықта айқындалған, мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін оның құзырлығына сәйкес өздігінен шешеді.

4.6. Мемлекеттік мекеме қызметін іске асыру барысында мемлекеттік мекеме директоры Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген тәртіп бойынша:

- 1) сенімхатсыз мемлекеттік мекеме атынан әрекет етеді;

- 2) барлық ұйымдарда мемлекеттік мекеме мүддесін алға қояды;
- 3) келісім шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапар, тәжірибеден өту, Қазақстанда және шетелдік оқу орталықтарында, басқа да оқу орындарында мамандардың біліктілігін арттыру тәртібі мен жоспарын бекітеді;
- 6) банктерде есепшот ашады;
- 7) барлық қызметкерлерге міндетті бұйрықтар қабылдайды және нұсқаулар береді;
- 8) құрылтайшының тағайындауы бойынша орналасқан қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа алады және жұмыстан шығарады;
- 9) құрылтайшының келісімі бойынша өз орынбасарын (орынбасарларын) жұмысқа алып және босатады;
- 10) мемлекеттік мекеме қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіп бойынша ынталандыру және тәртіптік жаза белгілеу шараларын қолданады;
- 11) өз орынбасарының (орынбасарларының) және басқа да мемлекеттік мекеменің басқарушы қызметкерлердің міндеттерін және құзіреттерін белгілейді;
- 12) өз жеке жауапкершілігін белгілеп сыбайлас-жемқорлықпен күреседі;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы жарғы және құрылтайшыға жүктелген басқа да қызметтерді іске асырады.

5. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ МҮЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ

5.1. Мемлекеттік мекеменің мүліктері негізгі қорлар мен айналыс қаржыларынан, сонымен қатар бағасы мекеменің балансында көрсетілген басқа да құндылықтардан құралады. Мекеменің мүліктері мыналардан құралады:

- 1) оған мемлекет тапсырған мүліктерден;
- 2) өзінің жеке қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктер;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздерден.

5.2. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және смета бойынша берілген мүлікті өздігінен алыстатуға немесе басқа жолдармен өкім беруге хақы жоқ.

5.3. Егер де Қазақстан Республикасының заңымен мемлекеттік мекемеге кіріс кіргізетін қызметті іске асыруға құқық берілсе, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мемлекеттік мекемесінің білім аясындағы тауардың сатуынан (жұмыс, қызмет көрсету) түскен ақшалардан басқа бұндай қызметтен түскен қаражат тиісті бюджетке жіберілуі керек.

5.4. Мемлекеттік мекеменің қызметі құрылтайшы бюджетінен қаржыландырылады.

5.5.Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есепті жүргізіп, есеп беріп отырады.

5.6.Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртібі бойынша мемлекеттік мекеме қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия жүргізу іске асырылады.

6. ОҚЫТУ-ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1.Білім беру қызметін жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңын, «Туберкулездік санаторлық мектеп-интернаттары туралы» Ережесіне, Қазақстан Республикасының Білім Министрлігімен, Денсаулық сақтау Министрлігімен бекітілген бағдарламалық-әдістемелік және нұсқаулық құжаттар мен басқа құқықтық нормативтік актілерді басшылыққа алады.

6.2.Мектеп-интернатында оқыту мазмұны мемлекеттік жалпыміндетті оқыту стандарттарға сәйкес бағдарламалар мен оқыту жоспарларымен белгіленеді.

6.3.Мемлекеттік мекеме жалпы бастауыш, негізгі бастауыш білім беру, негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын өткізеді.

6.4.Мемлекеттік мекеме жалпы үш сатылы білім беру бағдарламасына сәйкес білім беруді жүзеге асырады: бастауыш (1-4 сыныптар), негізгі (5-9 сыныптар), жоғарғы (10-11 (12) сыныптар).

6.5.Мектеп – интернатының білім беру процесі оқыту кестесі мен сабақтар кестесімен көрсетіліп, оқыту жоспарына негізделеді.

Сабақ кестесі – Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігімен бекітілген оқу жоспарына және санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес санаторлық мектеп-интернатының әкімшілігімен жетілдіріп бекітіледі.

6.6.Санаторлық мектеп-интернатында оқу сабақтары Қазақстан Республикасындағы мектептер сияқты мерзімдерінде аяқталады. Білім беру мемлекеттік және орыс тілдерінде ұйымдастырылады.

6.7.Мектеп – интернаты белгілі нормалар заңнамасына сәйкес оқыту құрылымдар, тәсілдер таңдауға және оқушылардың білімдерін бақылауға құқылы.

6.8.Оқушылардың тұрақсыз құрамы – мектеп – интернатында оқыту – тәрбие жұмысының негізгі формасы болады. Сабақтың ұзақтығы 1-4 сыныптарда – 35 минут, 5-11 сыныптарда – 40 минут. Әрбір сабақтың алдында 5 минут аралығында оқушылармен дене шынықтыру жаттығулары (иық белдеулері, арқа, аяқтар үшін) орындалады. 1,2,4 және 5 үзілісті 10-15 минут және 3 үзілістің ұзақтығы 30-40 минуттан белгіленеді.

6.9. Мектеп интернатының талаптарына балалардың үйрену процессін қамтамасыз ету мақсатында 1-сыныпта оқыту сабақтарын біртіндеп күшейту: 1 тоқсанда – 3 сабақ ұзақтығы 35 минут; 2 тоқсаннан 4 сабақ әр қайсысының ұзақтығы 35 минуттан.

6.10. Оқу аптасының ұзақтығы 6 күнді құрайды.

6.11. 5, 8 (10) сыныптарда аралық аттестация жүргізілмейді.

6.12. Оқыту бағдарламаларын жалпы негізгі және жалпы орта білім беру Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беру мекемелерінің емтихандар туралы ережелерге сәйкес түлектердің жалпы мемлекеттік қорытынды аттестациямен аяқталады.

6.13. Мемлекеттік қорытынды аттестациядан өткен санаторлық мектеп-интернатының түлектеріне санаторлық мектеп-интернатының мөрімен расталған мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

6.14. Оқушыларға арналған сабақтар кестесі мен күн тәртібі мектеп – интернатының дәрігерімен келісіліп бекітіледі.

6.15. Күн тәртібі балалардың ауада максималды болуының есебінде және келесі жағдайларды назарда ұстайды:

- 1) таңертеңгі гимнастика,
- 2) оқу сабақтары,
- 3) өзін-өзі дайындау,
- 4) таза ауада серуендеу (2,5 сағаттан кем емес),
- 5) түскі ұйқы,
- 6) сыныптан тыс жұмыс,
- 7) бес реттік ас,
- 8) емдеу шаралары.

6.16. Сыныптарда оқушылардың саны - 20 адамнан аспауы қажет.

6.17. Топтар жас ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырылады.

6.18. Мемлекеттік мекемедегі оқушылар толығымен мемлекеттік қамтуында болады.

6.19. Мектептің кітапханасы арқылы жас ерекшеліктері негізінде мектеп-интернатының оқушылары мен тәрбиешілеріне жыл сайын ақысыз оқулықтар беріледі.

6.20. Мектеп - интернатында 3200-3500 калорий мен витамин балансы есебінде 5 реттік калориялық тамақ ұйымдастырылған.

6.21. Санаторлық мектеп-интернатында емдеу-сауықтыру шаралары Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігінің әдістемелік нұсқаулықтарына сәйкес жүргізіледі.

6.22. Мектеп-интернатының оқушылары мен тәрбиеленушілерге әдістемелік және медициналық қызмет көрсетудің бақылауын денсаулық сақтау органдары жүргізеді.

6.23. Мектеп-интернатында дәрігердің басшылығымен туберкулезден толық клиникалық емделу мен балалардың организмінің қарсы тұруын күшейтіп, жоғарлатуға бағытталған сауықтыру жұмыстары жүргізіледі.

Жылына күзде және көктемде (басқа аурулар бойынша диспансерлік топтар есебімен) 2 рет жүргізілетін мамандардың (педиатр, отоларинголог, хирург, окулист, невропатолог) профилактикалық тексерістің қорытындыларына сәйкес сауықтыру шаралары жүргізіледі.

6.24.Мемлекеттік мекеме медициналық-сауықтыру бағдарламалар мен тегін медициналық көмек көрсетуден басқа белгіленген ретте қосымша емдік қызметтер бере алады. Емдік денешынықтыру жаттығуларын белгіленген дайындығы бар медициналық қызметкерлер мен мұғалімдер өткізе алады.

6.25.Медицина қызметкерлер педагогикалық ұйымға балалардың ерекше дамуы мен денсаулығын есепке алып, оқыту процессін іске асыру барысында балаларға жеке және дифференциалды жолын табуға көмектеседі; сондай-ақ балалармен ағарту жұмыстарын, мекеменің санитарлық-гигиеналық тәртібімен, медициналық оңалту ерекшеліктері, балаларда салауатты өмір салтын қалыптастыруды көмектеседі.

6.26.Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін есепке алып, оқыту-тәрбиелеу жұмыстары мен емдеу-сауықтыру шараларын ұйымдастыру үшін әр түрлі әдістер мен құрылымдарды қолдану оқушылардың емделуін және жан- жақты дамуын қамтамасыз етеді.

7. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕГЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

7.1.Оқушылар мен шәкірттерді мектеп – интернатына қабылдау жыл бойы өткізіледі.

7.2.Мектеп – интернатына шамалы және бәсеңдеген туберкулез формасы бар 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар қабылданады.

7.3.Облыстық (қалалық) туберкулезге қарсы диспансер жанындағы денсаулық сақтау департаменті ұйымдастырылған іріктеу комиссиясымен мектеп – интернатына балалар мен жасөспірімдерді жібереді.

Комиссия құрамына: Облыстық (қалалық) туберкулезге қарсы диспансердің балалар бөлімшесінің меңгерушісі (төраға,төрайым) облыстық педиатр мен фтизиопедиатр, облыстық білім басқармасының өкілі, мектеп – интернатының дәрігері.

7.4.Емдеу – профилактикалық туберкулезге қарсы мекеме, туберкулезбен ауыратын балалар есебінде тұрған, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен, комиссияға туберкулездің реакциясы көрсетілген мәліметтерді, көкірек қуысының рентгенологиялық зерттеу нәтижелері туралы, инфекциялық аурулармен ауырғаны және алдын ала қойылған егу (63/у формасы) туралы мағлұматтарды береді.

7.5.Іріктеу комиссиясы санаторлық мектеп-интернатына қабылдауға берілген балалардың тізімін және медициналық құжаттарын облыстық (қалалық) білім басқармасына жібереді.

7.6.Санаторлық мектеп-интернатына іріктеу жылына 2 рет өткізіледі 1 тамыз бен 1 желтоқсанға дейін. Балалар мен жасөспірімдерді қабылдау 25

тамыз бен 30 желтоқсанға дейін өткізіледі, яғни оқу жылының басында немесе оқу жылы ортасында. Оқу жылы басталғаннан кейін тек бос орын болған жағдайда оқушылар қабылданады. Медициналық көрсеткіштер бойынша балалары мен жасөспірімдердің санаторлық мектеп-интернатында болуы 5-10 айға ұзартылуы мүмкін. Осы жағдайда оқушының құжаттары іріктеу комиссиясына тапсырылуы қажет.

7.7. Аурулар тарихы көшірмелерінен белгілі бала үшін сауықтыру және емдеу жоспары белгіленеді.

7.8. Мемлекеттік мекемеге балаларды қабылдау келесі құжаттардың негізінде мектеп-интернатының директорымен орындалады:

- 1) Ақмола облысы Білім басқармасының жолдамасы;
- 2) іріктеу комиссиясының қорытындысы;
- 3) мектеп-интернатқа баланы қабылдау туралы ата-анасының немесе балаға жауапты тұлғалардың өтініші;
- 4) баланың тууы туралы куәліктің көшірмесі;
- 5) бала денсаулығының қалыпы мен диагнозының белгісі туралы аурулар тарихынан көшірмелер;
- 6) үлгерім табелі;
- 7) отбасы құрамы туралы анықтама;
- 8) эпидемиологиялық орта туралы анықтама.

7.9. Балалар мен жасөспірімдер санаторлық мектеп-интернатында толық емделгенше (туберкулезге қарсы диспансердің есебінен түсіргенше), бірақ оқу жылынан кем емес болады.

7.10. Мемлекеттік мекемеде оқушыларға орындар келесі себептермен беріледі:

- 1) туберкулездің баяу формасы бар балалар мен жасөспірімдер;
- 2) белсенді формадағы туберкулезбен ауырған аурулармен жанұяда, туыстармен, квартиралық қарым-қатынаста, туберкулездік инфекция ошағында болған балалар;
- 3) туберкулинді реакция виражымен;
- 4) туберкулинге гиперергикалық және күшейтілген реакциясымен;
- 5) туберкулезге шалдыққандар;
- 6) жиі тыныс органдарының өткір инфекцияларымен ауратын туберкулезге шалдыққандар (жылына 6 және одан да көп рет ауырғандар);
- 7) егуден кейінгі асқынулар;
- 8) туберкулезді менингит, ауруханалық және санаторлық емнен кейін 2 жылдан кем емес, психика мен зиятынан кемшілігі жоқ.

Ескерту:

басқа бірдей жағдайларда біріншіден санаторлық мектеп-интернатына активті туберкулез формасымен қатынаста болған, сондай-ақ тұрмыстық жағдайлары нашар балалар қабылданады;

бағытталған кезде туберкулездің формасынан басқа аурудың асқынуы мен декомпенсациясы бар балалар санаторлық мекемелеріне қабылданбайды.

7.11. Мектеп-интернатынан шыққан балалардың емдену нәтижелері туралы мағлұматтар туберкулезге қарсы диспансерге хабарланады, ал ол болмаса балалар емханасы немесе жалпы емхананың жасөспірімдер кабинетіне хабарлайды.

8. ОҚЫТУ ПРОЦЕССИНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Оқыту процессінің қатысушылары оқушылар, мекеменің педагогикалық қызметкерлері мен оқушылардың ата-аналары (заңды өкілдері).

8.2. Мемлекеттік мекемедегі оқыту процессіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы, оқыту мекемесінің типтік ережелері туралы, оқушылардың тәртіп сақтау ережелері және осы Жарғымен белгіленеді.

8.3. Мемлекеттік мекемеде оқыған балалар құқылы:

- 1) мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарына сәйкес сапалы білім (бастауыш, негізгі) алу;
- 2) оқыту жоспарларына байланысты альтернативті курстарды таңдау;
- 3) өзінің бейімділігіне келісімді және ақылы қажеттілігіне байланысты қосымша оқыту қызметтерін алу;
- 4) тегін ақпаратты қор, оқулықтармен қамтамасыз ету, оқыту-әдістемелік жиынтықтары мен оқыту-әдістемелік құралдарымен пайдалану;
- 5) спорт, оқу, актілік залдарымен, кітапханамен тегін пайдалану;
- 6) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіру, өзінің абыройын құрметтеу.
- 7) абыройын, еркіндігін, өзінің денсаулығын қорғау;
- 8) оқуда, ғылым және шығармашылық істерде жетістіктерге жеткені үшін мадақтау.

8.4. Оқушылардың оқыту процессінен көңілдерін бөлгізіп, насихаттау компаниялар мен политикалық акцияларға мәжбүрлеп қатыстыру рұқсат етілмейді.

8.5. Оқушылар міндетті:

- 1) мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарына сәйкес тәжірибе дағдылары мен құзыреттері, білімдерімен меңгеріп алу;
- 2) ішкі тәртіпті сақтау, ұйымның жарғысымен белгіленген және оқыту қызметтерін беру шартына сәйкес басқа да талаптарды орындау;
- 3) өзінің денсаулығын сақтау, рухани және физикалық өзін-өзі жетілдіруіне талпыну;
- 4) педагогикалық қызметкерлерін, мекеменің басқа да қызметкерлерін, оқыту мекемесінің дәстүрлерін құрметтеу;
- 5) адал оқу, себепсіз сабақтарды қалдырмау;

6) мүлік пен техникалық оқу құралдарын күтіп ұстау, сынып жиһаздарының бүлінуі кезінде жөндеулер жасау, ал егер мүлікті қирату жағдайы болса, ата-анасымен бірге келтірілген зиянды ақтау;

7) мемлекеттік мекеменің Жарғысымен қамтылған және ішкі тәртіптің құзыреттеріне сай мекеме қызметкерлерінің талаптарын орындау.

8.6. Ата-аналар (заңды өкілдер) құқылы:

1) балалардың ықыласына, жеке бейімділігі және ерекшеліктерін есепке алып оқыту ұйымын таңдау;

2) ата-аналар комитеті арқылы басқару органдары мемлекеттік мекемелердің жұмысына қатысу;

3) оқыту ұйымынан балалардың үлгерімі, тәртібі мен оқу жағдайлары туралы ақпаратты алу;

4) оқыту мәселелері мен балаларын психолого-медико-педагогикалық консультациялар бойынша консультациялық көмек алу;

5) шарт негізінде балалардың қосымша қызметтерін алу.

8.7. Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті:

1) балаларға өмірлері мен оқулары үшін денсаулық пен қауіпсіздік жағдайлар жасау, интеллектуалды және физикалық күштің, өнегелік қалыптасуының дамуын қамтамасыз ету;

2) олардың құқықтары мен міндеттеріне сәйкес бөлімшелерде Жарғы мен ішкі еңбек тәртібін орындау;

3) ата-аналар жиналыстарына келу, керек болса әкімшіліктің немесе мұғалімдердің шақыруымен мемлекеттік мекемеге оқыту-тәрбиелеу процессі мен жеке педагогикалық әңгімелер мен нақтылы педагогикалық көмек көрсету үшін келу;

4) оқыту орнына балалардың баруын қамтамасыз ету;

5) балалары мемлекеттік мекемеге материалды зияндар келтірген кезде оны белгіленген заң тәртібімен ақтау.

8.8. Мемлекеттік мекеменің педагогикалық қызметкерлері құқылы:

1) кәсіптік іс-әрекет жасау үшін жағдайлар жасау;

2) ғылыми ізденіс, тәжірибе-эксперименталды жұмыстармен айналысу және педагогикалық тәжірибеге жаңа тәсілдерді және технологияларды енгізу;

3) жеке педагогикалық іс-әрекет жасау;

4) мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарының талаптарын ұстанған жағдайда педагогикалық жұмысты ұйымдастыру әдістері мен құрылымдарын еркін таңдай алу;

5) мемлекеттік мекеме басқару органдарының алқаларының жұмыстарына қатысу;

6) уақыты төрт айдан көп емес, бес жылда бір реттен біліктілік дәрежесін жоғарлату;

7) біліктілік дәрежесін жоғарлату мақсатында мерзімнен бұрын аттестация жүргізу;

8) өзінің кәсіптік құрметі мен абыройын қорғау;

9) педагогикалық жұмыста жетістіктерге жетуі үшін мемлекеттік марапаттар, сыйлы атақтар, сыйлық ақы мен стипендиялар моральді және материалды мадақтау беру;

10) педагогикалық өтілімін сақтап ғылыми іспен айналысу үшін шығармашылық демалыс алу;

11) мемлекеттік мекеменің әкімшілігінің бұйрығы мен өкіміне шағым жасау.

8.9. Мемлекеттік мекеменің қызметкерлері міндетті:

1) Жарғыны, ішкі еңбек тәртібін, лауазымдық нұсқаулықтарын, ережелерін, қауіпсіздік техникасы мен мемлекеттік мекеменің жергілікті актілерін жасау;

2) өзінің педагогикалық құзыретінің аймағында теориялық және тәжірибелік білімдері мен оқыту дағдылары болуы қажет;

3) мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандарттарына сәйкес сапалы білім беруді қамтамасыз ету;

4) оқушыларды өнегелік, ата-анаға деген құрмет, этномәдени құндылықтарға, қоршаған ортаға ұқыпты қарым-қатынасты тәрбиелеу;

5) оқушыларда өмірдік дағдылар, құзырет, шығармашылық қабілетті дамыту;

6) әр қашан өзінің кәсіптік шеберлігін, интеллектуалды, шығармашылық және жалпығылыми деңгейде жетілдіру;

7) аттестацияны бес жылда бір реттен кем емес өту;

8) педагогикалық әдеп нормаларын сақтау;

9) оқушылар мен олардың ата-аналарын құрметтеу;

10) салауатты өмір салтын сақтау және оны оқушылар арасында насихаттау;

11) заңға сәйкес медициналық тексерістер мен профилактикалық егулер жасау.

8.10. Міндеттері мен педагогикалық әдеп нормаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдары мен еңбек шартына алдын ала ескерілген педагогикалық қызметкер жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

8.11. Қазақстан Республикасының заңдарымен алдын ала ескерілген жағдайлардан тыс педагогикалық қызметкерлерінің кәсіптік міндеттеріне кірмейтін жұмыстарды атқармайды.

8.12. Кадрлармен қамтамасыз етілген, мемлекеттік мекемедегі басқа да нақтылы жағдайларға байланысты оқу жоспары мен бағдарламалар бойынша сағаттардың санына негізделіп, мұғалімдер мен басқа да педагогикалық қызметкерлерге оқыту көлемін жүктеледі.

8.13. Педагогикалық және медициналық жұмысшыларында мекеменің ерекшелігіне сәйкес спецификалық, ортақ үлгідегі жалпы білім беру мектеп-интернатының құқықтар мен міндеттері бар.

8.14. Дәрігер, медбике, мұғалім, тәрбиеші, музыкалық басқарушы барлығы бірге келісіп емдік-тәрбиелік шараларды жүргізеді.

8.15.Санаторлық мектеп-интернатының қызметкерлері түнгі уақыт жұмысында ұйықтауға құқығы жоқ.

8.16.Санаторлық мектеп-интернатының қызметкерлері медициналық тексеруді Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігімен белгіленген тәртібі бойынша өтеді.

8.17.Мемлекеттік мекеменің тәртібі, оқушылар мен педагогика және медицина қызметкерлерінің адамгершілігін құрметтеуге негізделіп жасалған. Оқушыларға физикалық және психикалық күштеу әдістері қолданылмайды.

9. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІ БЕРУ РЕТТІ

9.1.Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген ақылы оқыту қызметтерін беруге құқылы:

- 1)қосымша оқыту;
- 2)арнайы курстар мен дисциплиналар циклі бойынша қосымша қызметтер;
- 3)репетитор (жеке тәртіпте оқушылармен пән бойынша сағаттардан тыс қосымша сабақтар);
- 4)жазғы демалыстарды ұйымдастыру бойынша; үйірмелерді ұйымдастыру бойынша қызметтер (базисті оқыту жоспарынан тыс);
- 5)спорттық-бұқаралық шараларды ұйымдастыру: төрешілік, медициналық қызметтер, тамақ ұйымдастыру бойынша;
- 6)басқа да ақылы қызметтер (мемлекеттік мекеменің мәдени-спорттық кешендерін жалға алу; энергоқалыптарды және пештерге берілетін жылуқуатын беру).

9.2.Ақылы оқыту қызметтер негізгі білім беру ісіне мемлекеттің білім беру тапсырысынан қаржыландырылады.

9.3.Мемлекеттік мекеме мен оқушылардың ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері құрған шарттың негізінде жеке кесте, оқушыларға ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдерінің қалауы бойынша ақылы оқыту қызмет көрсетілді.

9.4.Қосымша оқыту қызметтерінің ақысы білім беру процессіне салынады, сонымен қатар оған оқыту құралдары, мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне әлеуметтік және материалдық көмек көрсетіледі.

10. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

10.1.Мемлекеттік мекеменің халықаралық қарым-қатынасы Қазақстан Республикасы заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық келісім шарт негізінде жүзеге асырылады.

11. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

11.1. Жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 (қырық) сағатты құрайды.

11.2. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі аптасына екі демалыс күнімен бескүндік жұмыс күнін құрағанда күніне 8 сағат болуы керек.

11.3. Мамандар мен директордың жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында қарастырылған кепілдіктерді есепке алып белгіленеді.

12. ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

12.1. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

12.2. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

13. МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОЮ ШАРТТАРЫ

13.1. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және жою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.



УТВЕРЖДЕНО
постановлением акимата
Акмолинской области
от «24» февраля 2012 года
№ А-2/79

УСТАВ

КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОБЛАСТНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА-ИНТЕРНАТ САНАТОРНОГО ТИПА «ЖҰЛДЫЗ» УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Коммунальное государственное учреждение «Областная средняя школа-интернат санаторного типа «Жұлдыз» управления образования Акмолинской области (далее – государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме государственного учреждения для осуществления образовательных функций и лечебно-профилактических мероприятий.

1.2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

1.3. Государственное учреждение осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией, законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства, иными правовыми актами и на основании настоящего Устава.

1.4. Учредителем государственного учреждения, является акимат Акмолинской области (далее – Учредитель).

1.5. Уполномоченным органом государственного учреждения является государственное учреждение «Управление образования Акмолинской области» (далее – Уполномоченный орган).

1.6. Полное наименование юридического лица на государственном языке: Акмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

на русском языке: Коммунальное государственное учреждение «Областная средняя школа-интернат санаторного типа «Жұлдыз» управления образования Акмолинской области.

1.7. Юридический адрес государственного учреждения: 021714, Республика Казахстан, Акмолинская область, Бурабайский район, с. Зеленый Бор.

2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ

2.1. Государственное учреждение считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

2.2. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения на государственном языке, штампы со своим наименованием на государственном языке.

2.3. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица.

2.4. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам находящимися в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег ответственность по его обязательствам несет Учредитель.

2.5. Гражданско-правовые сделки государственного учреждения вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

3. ПРЕДМЕТ И ЦЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ

3.1. Предметом деятельности государственного учреждения является осуществление общеобразовательных функций и проведение лечебно-оздоровительных мероприятий: организация системы среднего образования, обеспечивающая государственные гарантии прав на образование, проведение лечебно-профилактических мероприятий, направленных на предупреждение развития локального туберкулеза у детей и подростков, инфицированных туберкулезом из очагов туберкулезной инфекции, и полное их клиническое выздоровление с предоставлением места проживания.

3.2. Цели деятельности государственного учреждения:

- 1) создание условий для освоения учащимися образовательных программ;
